

**Мәслихаттың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 103 "Жітіқара ауданы Степной ауылының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Жітіқара ауданы мәслихатының 2022 жылғы 10 тамыздағы № 184 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Жітіқара аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Мәслихаттың 2021 жылғы 29 желтоқсандағы № 103 "Жітіқара ауданы Степной ауылының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Степной ауылының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 29 031,4 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 999,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0,0 мың теңге;

трансферттер түсімі бойынша – 28 032,4 мың теңге;

2) шығындар – 29 160,8 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, оның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -129,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 129,4 мың теңге."

;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Жітіқара ауданы Степной ауылының 2022 жылға арналған бюджетінде Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер көзделгені ескерілсін, оның ішінде:

1) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге.";

5-тармақ мынадай мазмұндағы 4), 5) тармақшалармен толықтырылсын:

"4) Степной ауылында тренажерлері бар балалар спорт алаңын дайындау және орнату;

5) қосымша штаттан тыс қызметкерлерді (әдіскерлерді) енгізу.";

көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Жітіқара аудандық мәслихатының хатшысы

А. Кабиев

Мәслихаттың  
2022 жылғы 10 тамыздағы  
№ 184 шешіміне  
қосымша  
Мәслихаттың  
2021 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 103 шешіміне  
1-қосымша

### Жітіқара ауданы Степной ауылының 2022 жылға арналған бюджеті

| Санаты            |    |                                     |  | Сомасы, мың теңге |
|-------------------|----|-------------------------------------|--|-------------------|
| Сыныбы            |    | Кіші сыныбы                         |  |                   |
|                   |    | Атауы                               |  |                   |
|                   |    |                                     | I. Кірістер  | 29031,4           |
| 1                 |    |                                     | Салықтық түсімдер  | 999,0             |
|                   | 04 |                                     | Меншікке салынатын салықтар  | 999,0             |
|                   |    | 1                                   | Мүлікке салынатын салықтар   | 15,0              |
|                   |    | 3                                   | Жер салығы   | 30,0              |
|                   |    | 4                                   | Көлік құралдарына салынатын салық                                      | 954,0             |
| 2                 |    |                                     | Салықтық емес түсімдер   | 0,0               |
| 3                 |    |                                     | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер                             | 0,0               |
| 4                 |    |                                     | Трансферттердің түсімдері  | 28032,4           |
|                   | 02 |                                     | Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер | 28032,4           |
|                   |    | 3                                   | Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер      | 28032,4           |
| Функционалдық топ |    |                                     |  | Сомасы, мың теңге |
| Кіші функция      |    | Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі |  |                   |
|                   |    | Бағдарлама                          |  |                   |
|                   |    | Атауы                               |  |                   |
|                   |    |                                     |  |                   |

|    |   |     |     |  |         |
|----|---|-----|-----|--|---------|
|    |   |     |     | II. Шығындар   | 29160,8 |
| 01 |   |     |     | Жалпы сипаттағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер   | 19574,0 |
|    | 1 |     |     | Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар                | 19574,0 |
|    |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 19574,0 |
|    |   |     | 001 | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер | 19574,0 |
| 07 |   |     |     | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық   | 9286,4  |
|    | 3 |     |     | Елді-мекендерді көркейту   | 9286,4  |
|    |   | 124 |     | Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты                                    | 9286,4  |
|    |   |     | 008 | Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру   | 936,0   |
|    |   |     | 009 | Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету   | 300,0   |
|    |   |     | 011 | Елді мекендерді абаттандыру  | 8050,4  |

|        |        |             |            |  |                      |
|--------|--------|-------------|------------|--|----------------------|
|        |        |             |            | мен<br>кегалдандыру  |                      |
| 12     |        |             |            | Көлік және<br>коммуникация   | 300,0                |
|        | 1      |             |            | Автомобиль<br>көлігі   | 300,0                |
|        |        | 124         |            | Аудандық<br>маңызы бар қала<br>, ауыл, кент,<br>ауылдық округ<br>әкімінің<br>аппараты  | 300,0                |
|        |        |             | 013        | Аудандық<br>маңызы бар<br>қалаларда,<br>ауылдарда,<br>кенттерде,<br>ауылдық<br>округтерде<br>автомобиль<br>жолдарының<br>жұмыс істеуін<br>қамтамасыз ету | 300,0                |
| 15     |        |             |            | Трансферттер   | 0,4                  |
|        | 1      |             |            | Трансферттер   | 0,4                  |
|        |        | 124         |            | Аудандық<br>маңызы бар қала<br>, ауыл, кент,<br>ауылдық округ<br>әкімінің<br>аппараты  | 0,4                  |
|        |        |             | 048        | Пайдаланылмаға<br>н (толық<br>пайдаланылмаға<br>н) нысаналы<br>трансферттерді<br>қайтару   | 0,4                  |
|        |        |             |            | III. Таза<br>бюджеттік<br>кредиттеу  | 0,0                  |
|        |        |             |            | Бюджеттік<br>кредиттер   | 0,0                  |
| Санаты |        |             |            |  | Сомасы, мың<br>теңге |
|        | Сыныбы |             |            |  |                      |
|        |        | Кіші сыныбы |            |  |                      |
|        |        |             | Ерекшелігі |  |                      |
|        |        |             |            | Атауы  |                      |
|        |        |             |            | Бюджеттік<br>кредиттерді өтеу  | 0,0                  |

|  |  |  |   |          |
|--|--|--|---|----------|
|  |  |  | IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо         | 0,0      |
|  |  |  | V. Бюджет тапшылығы (профициті)                           | ( -129,4 |
|  |  |  | VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) | 129,4    |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК